

## Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 1 шілдедегі N 255

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184-құжат; 188-құжат; N 13-14, 195-құжат, 205-құжат; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 жылғы 18 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" 1998 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-бапта:

баптың атауы "мен алымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөліктегі "салыққа" деген сөзден кейін "және алымдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

5-бапта:

б) тармақшада:

в) тармақшасының бесінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"- егер Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан тұрақты

мекемеге және (немесе) Қазақстан Республикасының резиденттеріне шегерім ретінде есептелетін болса, жұмыстың (көрсетілетін қызметтің) барлық түрлерінен алынатын табыс;

3) тармақшасында "резиденттің мүлікті сатудан түсірген өзге табыстары" деген сөздер "резидентке мүлікті сатудан түскен өзге де табыстар" деген сөздермен ауыстырылсын.

29-тармақша мынадай мазмұндағы "д" және "е" тармақшаларымен толықтырылсын:

"д) лизинг (қаржылық жал);

е) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі көрсетілетін

қызметтер;"

6-баптың 4-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

11-бапта:

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) экспорттау кезінде төмендетілген құны бойынша активтерді сатудан түскен табыстар;"

13) тармақша "20-бабының 7-тармағына" деген сөздерден кейін "және 42-бабының 3-тармағына" деген сөздермен толықтырылсын;

7)-14) тармақшалар тиісінше 8)-15) тармақшалар болып есептелсін;

13-баптың 1) тармақшасы "жеке" деген сөзден кейін "және заңды" деген сөздермен толықтырылсын;

14-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Салық заңдарымен реттелетін шығыстар белгіленген нормалар шегінде шегеріліп тасталады.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Табиғи монополистердің жасаған ысырабы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормалар шегінде шегеріліп тасталады;"

17-баптың 2-тармағындағы "Қаржы министрлігінің келісуі бойынша" деген сөздер "Қазақстан Республикасы министрлігімен бірлесіп" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-баптың 2-тармағының төртінші бөлігі алып тасталсын.

20-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Салық төлеушіні таратқан немесе қайта ұйымдастырған жағдайда амортизацияға бөлінген қаржы салық жылындағы қызмет кезеңіне түзетіледі,";

6-тармақтың бірінші бөлігіндегі "инфляция деңгейінің шегінде" деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Инфляция деңгейінен тыс топтың негізгі құрал-жабдықтарын қайта бағалау сомасы жылдық жиынтық табысқа енгізіледі.";

10-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Үш жылдық кезең өткенге дейінгі жабдықтарды сату кезінде жүргізілген шегеріс есепті кезеңдегі шегерістерді кеміту есебінен өтеледі.";

23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалау, жайластыру жөніндегі шығыстарды, жалпы әкімшілік шығыстарын және қол қойылатын бонус пен коммерциялық табу бонусын төлеуге байланысты шығыстарды қоса алғанда, геологиялық зерттеуге, барлауға және пайдалы қазбаларды өндіру ісіне дайындық жұмыстарына жер қойнауын пайдаланушы жұмсаған шығыстар амортизациялық қаржылар түрінде жылдық жиынтық табыстан шегерілуге тиіс және жеке топ құрайды. Бұл топ бойынша амортизациялық аударымдар жер қойнауын пайдаланушының қалауынша белгіленген нормалар бойынша пайдалы қазбаларды өндіру басталған кезден бастап жүргізіледі, бірақ осы Жарлықтың 20-бабының 3-тармағында белгіленген 2-топтың негізгі құрал-жабдықтары амортизациясының шекті нормасынан аспауға тиіс.";

24-баптың 2-тармағындағы "3" деген цифр "4" деген цифрмен ауыстырылсын;

25-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бюджетке және бюджеттен тыс мемлекеттік қорларға енгізілуге тиістілерінен өзге айыппұлдар мен өсімдерді қоса алғанда төленген айыпақылар,";

31-бапта:

1-тармақ "салық салынуға тиіс және" деген сөздерден кейін "бұл салықтың төлем көздерінен ұсталғанын растайтын құжаттар болған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қатысушы (акционер) заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған немесе сатқан жағдайда, инфляцияға сай түзетуді ескере отырып, алып қою және сату кезіндегі қатысу үлесінің құны мен қатысушының (акционердің) жарна ретінде жарғылық капиталға енгізген меншікті

мүлкінің құны арасындағы айырма ретінде анықталатын құн өсімінің тек 15 процент ставкасы бойынша ғана төлем көзіне салық салынуға тиіс.";

3-тармақ 2-тармақ болып есептелсін;

32-бапта:

1-тармақта:

"резидент-банктерге" деген сөздерден кейін "және жинақтаушы зейнетақы қорларына" деген сөздермен толықтырылсын;

"және төлем көздерінде осы салықтың төленгенін растайтын құжаттар болғанда бұдан әрі салық салуға жатпайды" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ 2-тармақ болып есептелсін;

34-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ұйымдар, Астана қаласындағы құрылыстан алынған кірістер бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті белгілеген тәртіппен;"

8)-10) тармақшалар тиісінше 7)-9) тармақшалар болып есептелсін;

9) тармақшадағы "ауыл шаруашылығына" деген сөздер "ауыл шаруашылығы өндірісіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

6-тармақта "қайырымдылық" деген сөзден кейін "және білім беретін" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында құрылған тұрмысы төмен азаматтарға қолдау көрсету жөніндегі жалпы ұлттық және аймақтық қорларға қызмет көрсететін банктердің жылдық жиынтық табысы осы қорларға өтеусіз аударылатын қаржының сомасына азайтылады.";

36-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл тәртіп Қазақстан Республикасының резиденттері сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін импорттық тауарларға ақы төлеген жағдайда қолданылмайды.";

42-бапта:

2-тармақтағы "тауар-материалдық қорлардың қалдықтарын" деген сөздер "тауар-материалдық қорларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Инфляция деңгейі шегіндегі жете бағалау сомасы салық салынатын табысқа енгізілмейді. Тауар-материалдық қорлар құнын салық төлеушінің есепті жыл ішінде инфляция индексінен асып түсетін мөлшерде ұлғайтуы салық төлеушінің жиынтық табысын ұлғайтуына жатқызылады.";

45-бапта:

1-тармақтағы "бұл ұзақ мерзімді активтерді" деген сөздердің алдынан "амортизация сомасына кемітілген" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "құрал-жабдықтың" деген сөздің алдынан "амортизация сомасына кемітілген" деген сөздермен толықтырылсын;

47-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Активтерді өтемсіз негізде беруден және (немесе) төмендетілген құны бойынша сатудан түскен табыс

1. Активтерді өтемсіз негізде беру және (немесе) төмендетілген құны бойынша сату

кезінде беруші (сатушы) тұлға активтерінің құны - салық салу мақсатында айқындалатын өзіндік құн негізге алынып, ал алушы тұлға активтерінің құны - берілетін (сатылатын) активтердің кіріске алынған бағалау құны бойынша белгіленеді.

2. Экспорттық операциялар бойынша төмендетілген құнымен активтерді сату кезіндегі салық сату мақсатында айқындалған, сатылған активтердің сатылатын бағасы мен өзіндік құны арасындағы айырма сатушы тұлғаның табысы болып табылады.";

48-бапта:

2) тармақша "және бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) кәсіпкерлік қызметке байланыссыз шығыстар.";

49-баптың 1-тармағындағы:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тұрғын үй салуды және осындай құрылыс үшін құрылыс материалдарын ірі көлемде сатып алуды қоспағанда, салық жылында 500 айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға құрылыс салған немесе ірі көлемде сатып алу жасаған жеке тұлғалар.";

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметті жүзеге асыратын резидент еместер;"

50-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "және жеке адамдарға жасалған басқа да төлемдерден" деген сөздер "кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде тіркелген жеке тұлғаларға жасалған төлемдерді қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) жеке тұлға резидент-заңды тұлғадағы қатысу үлесін сатудан түскен табысты төлейтін заңды немесе жеке тұлғалар.";

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Орналастырылған зейнетақы активтері бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін инвестициялық кірістерге төлем көзінде табыс салығы салынбауға тиіс.";

2 және 3-тармақтар тиісінше 3 және 4-тармақтар болып есептелсін.

4-тармақтың 1) тармақшасындағы "жалақы" деген сөз "осы баптың 1-тармағында көзделген төлемдерді" деген сөздермен ауыстырылсын";

51-баптың 2-тармағындағы "немесе басқа да шарттары бар" деген сөздер алып тасталсын;

55-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жарлықтың 54-бабына сәйкес салық салынатын объектілері

бар тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ резидент еместер қосылған құнға салынатын салықты төлеушілер болып табылады.";

3-тармақтағы "осы Жарлықтың 70-бабының 3-тармағында көзделген шарттарды ескеріп" деген сөздер алып тасталсын;

61-бапта:

1-тармақта:

14) тармақша "мектеп оқу құралдарын" деген сөздерден кейін "балалар әдебиетін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-тармақшамен толықтырылсын:

"16) газет және журнал өнімдерін шығару мен сату жөніндегі айналымдар.";

2-тармақтағы 6) және 7) тармақшалар "тауарлардың" деген сөздің алдынан "акцизделетін тауарлардан басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

65-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"65-бап. Тазаланған бағалы металдарға - алтын мен платинаға салық салу

Өздері өндірген тазаланған бағалы металдар - алтын мен платинаны Қазақстан Республикасы резиденттерінің сатуына салық нөлдік ставка бойынша салынады.";

68-баптың 1 және 3-тармақтарындағы "Салық төлеуші есептеу әдісін қолданған кезде" деген сөздер алып тасталсын;

69-баптың 3-тармағы "сондай-ақ осы Жарлықтың 70-бабының 5-тармағына сәйкес салық төленетін шикізат бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

70-бапта:

3-тармақта:

екінші бөлікте "тауарлар" деген сөз "шикізат пен материалдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте:

"мұндай тауарлар" деген сөздер "мұндай шикізат пен материалдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1 және 2" деген цифрлар "1, 2 және 6" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"айыппұл санкциялары қолданылмай" деген сөздер "белгіленген тәртіппен өсімді есептей отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Шикізат (спирттің барлық түрлерін қоспағанда) өндіруші Қазақстан Республикасының резиденттері оны Қазақстан Республикасының аумағында өндірістік ілкі ұқсату үшін сату кезінде қосылған құнға салынатын салықты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін тәртіп бойынша есептеу әдісімен төлейді.

Осы тармақта көзделген шарттар сақталмаған жағдайда қосылған құнға салынатын салық шикізатты сатқан кезден бастап айыппұлдар мен өсімдерді есептей отырып, осы Жарлықтың 58-бабының 1, 2 және 6-тармақтарына сәйкес есептеледі.";

72-баптың 1-тармағында:

"айдың он үші, жиырма үші, келесі айдың үші күндері" деген сөздер "айдың жиырма бесі күні, келесі айдың бесі күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

73-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік "оның ішінде импорттау кезінде төленуге тиісті" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аталған артық соманы импорттау кезіндегі қосылған құнға

салынатын салықты төлеу есебіне есептеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.";

екінші және үшінші бөліктер тиісінше үшінші және төртінші бөліктер болып есептелсін;

үшінші бөліктегі "салық салынатын айналымы бар" деген сөздер

"салық салынатын айналымдар бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

75-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"75-бап. Төлеушілер

Мыналар:

акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында өндіруші;

акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттаушы;

Қазақстан Республикасының аумағында құмар ойындар бизнесін жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар акциздерді төлеушілер болып табылады.";

79-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Акциздеуге жататын, өзі өндірген шикізаттан акцизделетін өнімді өндірген кезде, осы шикізаттың құны немесе оның заттай көлемі салық салу объектісі болып табылады.";

3 және 4-тармақтар тиісінше 4 және 5-тармақтар болып саналсын;

80-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акциздеуге жататын, өзі өндірген шикізаттан акцизделетін өнімді өндірген кезде, осы шикізаттың акцизі осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген мерзімде ұқсатылған өнімді сату кезінде төленеді.";

5-тармақ алып тасталсын;

83-баптың 1-тармағындағы ("өңделмеген мұнайды және спирттің барлық түрлерін қоспағанда") деген сөздер ("газ конденсатын қоса алғанда, өңделмеген мұнайды және спирттің барлық түрлерін қоспағанда") деген сөздермен ауыстырылсын;

92-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені үшін алымдар жөніндегі декларацияны эмитент Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті белгілеген нысан бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін салық қызметі органдарына табыс етеді.";

94-5-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшада "өндіру" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) өнім бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі.";

95-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

98-бап алып тасталсын;

98-1-бап алып тасталсын;

100-2-баптың 1-тармағындағы "өндірілген көмірсутектер" деген сөздерге дейінгі сөздер түгел алып тасталып, "1. Есепті кезең ішінде көмірсутектерді өткізудің орташа бағасы негізінде есептелетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

123-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мынадай:

1) елді мекендердің жалпы пайдаланымындағы;



2) жалпы пайдаланымдағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желілері алып жатқан;

3) Астана қаласында құрылыс салуға құрылыс кезеңінде, бірақ үш жылдан аспайтын уақытқа пайдаланылып жатқан;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тұмшаланып отырған объектілері алып жатқан жер учаскелерінен салық алынбайды.";

3-тармақта:

7) және 9) тармақшалар алып тасталсын;

8) және 10) тармақшалар тиісінше 7) және 8) тармақшалар болып саналсын;

128-бапта:

2-тармақта:

"пайдалану мерзіміне" деген сөздер "шығарылған жылына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1 жылдан" деген сөздер алып тасталсын;

130-баптың 1-тармағында:

"салық мөлшерін салық төлеушілер", "дербес белгілейді" деген сөздер тиісінше "салықты", "салық төлеушілер есептейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көлік құралдарына салынатын салық жөніндегі декларацияны заңды тұлғалар есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей, Қаржы министрлігінің Салық комитеті белгілеген нысан бойынша табыс етеді.";

132-баптың 1) тармақшасы "көлік құралдарынан" деген сөздерден кейін "және жер салығы салынатын жер учаскелерінен" деген сөздермен толықтырылсын;

134-баптың 1-тармағында:

5) тармақша алып тасталсын;

6) тармақша 5) тармақша болып саналсын;

138-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлімде:

"салық қызметі тиісті қаржы органдарымен келісе отырып", деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(шаруа, фермер қожалықтарын және ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қоса алғанда)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырсын:

"Шаруа (фермер) қожалықтары және өздері үшін жер негізгі өндіріс құрал-жабдығы болып табылатын немесе қызметі ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін жерді пайдаланумен байланысты, сондай-ақ өздері өндірген ауыл шаруашылығы өнімін ұқсатушы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті белгілейтін тәртіппен патент негізінде салық төлейді.

Патенттің құнын есептеу кезінде бюджетке төленуге тиісті салықтар сомасы шаруа (фермер) қожалықтары және жерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылық өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін 80 процентке кемітіледі.";

6-тармақтағы "байланысты тараппен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын тараппен немесе салықтық жеңілдіктерді пайдаланатын ұйыммен" деген сөздермен ауыстырылсын;

139-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Салық төлеушілерді тіркеу жүйесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.";

3-тармақтағы "есеп айырысу" деген сөздер "төмен (вексельдерді қоспағанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

144-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Салық декларациясы салық қызметі органдарына әкеліп тапсыру тәртібімен немесе хабарлама арқылы тапсырыс хатпен почта арқылы беріледі.";

146-бапта "Салық қызметі", "бір жылдан" деген сөздер тиісінше "Салық комитеті", "үш айдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

147-бапта:

1) тармақшада "банк құжаттарында" деген сөздер "төлем құжаттарында (вексельді қоспағанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшаның екінші азатжолы "салық төлеушілердің" деген сөздердің алдынан "осы шоттарға салық қызметі органдарының инкассалық тапсырмалары (өкімдері) негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "банк шоттары" деген сөздердің алдынан "тексеріліп отырған салық төлеушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

152-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлімде "салық қызметі органының" деген сөздер "Салық комитеті органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Салық төлеушілерге төлем көзінен ұсталған заңды тұлғалардың табыстарынан табыс салығын төлеуді кейінге қалдыру жеңілдігі берілмейді.

Басқа адамға құқықтар ауысып берілген жағдайда салықты және айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту құқығы ауыспайды.";

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Акцизді төлеу мерзімдері ұзартылмайды.";

2 және 3-тармақтар тиісінше 3 және 4-тармақтар болып саналсын;

154-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Салық төлеушілердің немесе олардың дебиторларының шоттарынан

салықтар және мемлекет алдындағы басқа да қаржы міндеттемелері бойынша берешекті алудың тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.";

155-баптың 1-тармағындағы "салық төлеуші" деген сөздерден кейін "мен" деген жалғаулық "немесе" деген жалғаулықпен ауыстырылсын;

161-баптың 1-тармағы "ағымдық" деген сөзден кейін "және мәлімдеген" деген сөздермен толықтырылсын;

162-баптағы "жеткілікті негізсіз" деген сөздер алып тасталсын;

163-бапта:

4-тармақтағы "аванстық төлемдер сомасынан" деген сөздер "енгізілген аванстық төлемдер сомасынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, табыс салығын төлеген заңды және жеке тұлғаларға табыс салығы сомасының төлем көзінен ұстамағаны үшін тиесілі салық сомасының 100 проценті мөлшерінде айыппұл салынады.";

167-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"167-бап. Салық қызметі органдарының мәртебесі, құрылымы мен міндеттері

1. Салық қызметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, Салық полициясы комитетінен және олардың аумақтық органдарынан тұрады.

Салық комитеті органдарына:

мемлекеттік бюджетке төленетін төлемдердің түсуін және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді көздейтін салық заңдары мен басқа да заң актілері негізінде барлық деңгейлердегі бюджеттерге салықтар алымы мен басқа да міндетті төлемдердің толық жиналуын қамтамасыз ету;

салық заңдарының тиімділігін зерделеу;

салық салу мәселелері жөніндегі заң жобаларын, және басқа мемлекеттермен шарттарды әзірлеуге қатысу;

салық төлеушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, салық төлеушілерге салық заңдары мен салық салу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер туралы уақытылы хабарлап отыру жөніндегі міндеттер жүктеледі

Салық полициясы қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу, заңдарда белгіленген шекте қылмыстық қудалау жөніндегі арнаулы құқықтық орган болып табылады.

Салық полициясы органдарына заңды және жеке тұлғалардың салық төлемеуіне байланысты не табысын жасыру немесе кемітіп көрсету, салық салынатын объектілерін жасыру мақсатымен жасаған қылмыстары мен өзге де құқық бұзушылықтарын, салықтарды төлеуден және мемлекет алдындағы басқа да қаржы міндеттемелерін орындауын өзгедей жалтаруды, мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу жөніндегі міндеттер жүктеледі.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі салық қызметі органдарына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

3. Салық қызметінің құрылымына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті, облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық (аймақтық) салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті, облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық полициялары басқармалары, салық полициясының ауданаралық (аймақтық) бөлімдері немесе аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық полициясы бөлімдері кіреді.

Салық қызметінің аумақтық органдары жоғары тұрған тиісті салық қызметі органына тікелей жоғарыдан төмен қарай бағынады және жергілікті атқарушы органдарға кірмейді.

4. Салық комитетін Төраға басқарады, оны қызметке Қаржы министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал оның орынбасарларын - Салық комитеті төрағасының ұсынысы бойынша Қаржы министрі тағайындайды.

5. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттерінің төрағаларын, ауданаралық (аймақтық) салық комитеттерінің, аудандар, қалалар және

қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттерінің төрағаларын қызметке Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі тағайындайды. Салық комитеті орталық аппаратының қызметкерлерін қызметке Төраға тағайындайды.

Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық (аймақтық) салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері төрағаларының орынбасарларын, Салық комитеті орталық аппаратының қызметкерлерін қызметке Төраға тағайындайды.

Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттерінің, ауданаралық (аймақтық) салық комитеттерінің, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттерінің қызметкерлерін қызметке облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттерінің төрағалары тағайындайды.

6. Салық полициясы комитетін Төраға басқарады, оны қызметке Қаржы министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал оның орынбасарларын - Салық полициясы комитеті Төрағасының ұсынысы бойынша Қаржы министрі тағайындайды.

Облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша салық полициясы басқармаларының бастықтарын, ауданаралық (аймақтық) салық полициясы бөлімдерінің, қалалар, аудандар және қалалардағы аудандар бойынша салық полициясы бөлімдерінің бастықтарын қызметке Салық полициясы комитеті төрағасының ұсынысы бойынша Қаржы министрі тағайындайды.

Облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша салық полициясы басқармалары бастықтарының, ауданаралық (аймақтық) салық полициясы бөлімдері, қалалар, аудандар және қалалардағы аудандар бойынша салық полициясы бөлімдері бастықтарының қызметке Салық орынбасарларын, Салық полициясы комитеті орталық аппаратының қызметкерлерін қызметке Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық полициясы комитетінің Төрағасы тағайындайды.

Салық полициясының облыстық және қалалық басқармаларының, ауданаралық (аймақтық), аудандық бөлімдерінің қызметкерлерін қызметке облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша салық полициясы басқармаларының бастықтары тағайындайды.

7. Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен Салық полициясы комитеті туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Барлық деңгейдегі салық қызметінің органдары заңды тұлғалар болып табылады, олардың белгіленген үлгідегі бланкілері және мөрлері болады, сондай-ақ банктерде шоттары болуы мүмкін.

9. Салық қызметінің органдары республикалық бюджет қаражаты есебінен қамтылады";

169-бап алып тасталсын.

170-173-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"170-бап. Салық қызметі органдарының міндеттері

1. Салық қызметі органдары:

1) салық төлеушілердің құқықтары мен мемлекеттің мүдделерін сақтауға және қорғауға;

2) тәркіленіп және иесіз қалып мемлекет меншігіне көшкен мүліктерді есепке алу, бағалау және сату жөнінде жұмыс жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен көлемде және тәртіппен жүргізілген жұмыстар туралы есептілік әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беріп отыруға;

3) осы Жарлықтың 175-бабының ережелеріне сәйкес салық төлеушілер туралы ақпараттың құпиясын сақтауға;

4) салық заңдарын бұзу фактілерін жинауға талдау мен бағалауға және салық құқық бұзушылықтары мен қылмыстарының орын алуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізуге;

5) салық қызметі органдары басшыларының ұйғарымы бойынша салық төлеушілерге тексеру жүргізуге міндетті.

2. Салық комитетінің органдары:

1) салық төлеушілер мен салық салынатын объектілердің уақтылы есебін алуды қамтамасыз етуге, бюджетке есептелген және төленген салықтар есебін жүргізуге;

2) есептелген салық сомасының салыстырғанда артық төленген соманы осы Жарлықтың 151-бабының ережелеріне сәйкес салық төлеушілерге қайтарып беруге;

3) салықты есептеу мен төлеуге байланысты декларацияның және өзге құжаттардың нысандарын әзірлеуге;

4) салықтардың және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің келіп түсуі, салық органдарының жұмысы туралы мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның келісімімен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы бекіткен көлемде және тәртіппен есептілік жасауға;

5) келіп түскен салықтардың және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің сомасы туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген нысан мен мерзімде қаржы органдарына есептер беріп отыруға;

6) заңдарда белгіленген жағдайларда салық полициясы органдарына материалдар беруге;

7) дивидендтердің дұрыс есептелуіне және оларды мемлекеттік акция пакеттері бар акционерлік қоғамдардың уақытылы төлеуіне бақылауды жүзеге асыруға;

8) салықтың және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің есептелуінің дұрыстығына, толықтығына және олардың уақытылы төленуіне, сондай-ақ

міндетті зейнетақы жарналарының толықтығы мен уақтылы аударылуына бақылауды жүзеге асыруға;

9) Қазақстан Республикасының салық заңдарының бұзылуы туралы арыздарды, хабарларды және басқа ақпаратты тексеруге міндетті.

3. Салық полициясы органдары:

1) заңда көзделген негіздерде және тәртіппен салықтардың төленбеуіне, салық салынуудан жалтаруға немесе мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындамауына байланысты қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында жедел іздестіру қимылдарын, анықтау, алдын ала және тергеу жүргізуге;

2) заңды және жеке тұлғалардың салық төлемеуіне байланысты не табысын бүркемелеу немесе кемітіп көрсету, салық салынатын объектілерді жасыру мақсатымен жасаған өзге де құқық бұзушылықтарын, салықтар төлеуден және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындаудан өзгедей жалтаруын мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды ашуға және олардың жолын кесуге;

3) салық және кеден қызметі органдарындағы сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, ашуға және олардың жолын кесуге;

4) өз құзыреті шегінде салық қызметі жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың қызметкерлерін қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға;

5) салықтарды төлеуден, мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындаудан, міндетті зейнетақы жарналарын толық және уақтылы аударудан, олардың мемлекет алдындағы қарызы туралы, міндетті зейнетақы жарналарын толық және уақтылы аудармағаны не декларация толтырудан жалтарған туралы мәліметтер түскен жеке және заңды тұлғаларды іздестіру жүзеге асыруға міндетті.

4. Осы Жарлықты қолдану жөніндегі актілерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті әзірлеп, бекітеді.

171-бап. Салық қызметі органдарының құқықтары

1. Салық қызметі органдарының:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіппен және шарттарда заңды тұлғалардың (ерекше жұмыс режиміндегі заңды тұлғаларды қоса алғанда) және жеке тұлғалардың барлық ақша құжаттарын, бухгалтерлік кітаптарын, есептерін, сметаларын, қолда бар ақшасын, бағалы қағаздарын және басқа да құндылықтарын, есеп айырысуларын, декларацияларын және бюджетке салық пен басқа да төлемдерді есептеу мен төлеуге және мемлекет алдындағы өзге де қаржы міндеттемелеріне байланысты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын толығымен және уақтылы аудару жөніндегі өзге де құжаттарын тексеруге, ұйымдардың лауазымды адамдарынан және басқа қызметкерлерінен, сондай-ақ азаматтардан аталған тексерулер барысында туындайтын мәселелер жөнінде анықтамалар, ауызша және жазбаша түсініктемелер

алуға құқығы бар.

Бұл орайда жүргізілетін тексерулер ұйымның ағымдағы қызметін тоқтата тұруға әкеп соқпауға тиіс;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, оның филиалдарында, өкілдіктері мен ұйымдарында заңдарда белгіленген қорларға аударымдар жасалғаннан кейін қалған пайданың бюджетке толығымен және уақытылы түсуі мәселесі бойынша тексерулер жүргізуге;

3) ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарына, сондай-ақ азаматтарға анықталған салық заңдарын бұзушылықты жою туралы орындалуы міндетті нұсқаулар беруге және олардың орындалуын бақылап отыруға;

4) ұйымдар мен азаматтардың банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және өзге де ұйымдардағы банк шоттары бойынша, анықталған салық заңдарын бұзушылықты жою туралы талаптарды орындамаған, тексеру мен зерттеп қарауға жібермеген, салық қызметіне есеп айырысуларды, декларацияларды және табыс түсіруге, салық салынатын объектілерді ұстауға, салық пен басқа да төлемдерді бюджетке есептеу мен төлеуге және мемлекет алдындағы өзге де қаржы міндеттемелеріне байланысты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын толығымен және уақтылы аудару, қаржы есебін тапсырмағаны жөніндегі өзге де құжаттарды табыс етпеген жағдайда, салық қызметінің талап етуі бойынша, анықталған тәртіп бұзушылық жойылғанға дейін шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар. Салық заңдары бұзылғандығының фактілері анықталған жағдайда салық қызметі органдары заңдардың бұзылғандығын айғақтайтын құжаттарды, ақшалай және материалдық қаражаттарды, салық төлеушіге алынған нәрселердің тізімдемесі бар актінің көшірмесін тапсыра отырып алып қоюға;

5) салық заңдарын бұзған ұйымдарға, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға осы Жарлыққа сәйкес салық санкциясын және қолданылып жүрген заңдарда көзделген айыппұл салуды қолдануға;

6) ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен азаматтардың салық заңдарын бұзу фактілері бойынша осы тармақтың 4), 5) тармақшаларында және осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша салық қызметі органының басшысы немесе оның орынбасарлары бекітетін актілер (хаттама) жасауға және қаулы шығаруға;

7) сауда ұйымдары мен басқа да ұйымдардан, жеке кәсіпкерлерден тауарларды (өнімдерді), атқарылатын жұмыс пен көрсетілетін қызметті бақылау ретінде сатып алуға ;

8) басқа заңды тұлғалардан, банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдардан, биржалар мен азаматтардан тексерілетін ұйымдар мен азаматтардың кәсіпкерлік қызметі, операциялары және банк шоттарындағы ақшасының жай-күйі туралы мәліметтерді, анықтамаларды, сондай-ақ



құжаттарды тек қана қызмет бабындағы мақсатта алуға;

9) ұйымдардың білікті мамандарын, басқа да бақылаушы органдардың қызметкерлерін салық қызметі органдарының қаражаты есебінен ақы төлей отырып, тексерулер мен сараптамалар жүргізуге тартуға;

10) қолданылып жүрген заңдарды сақтай отырып, өз өкілеттігін жүзеге асырған кезде ұйымдар мен азаматтардың табыс түсіру үшін пайдаланатын не тұрған жеріне қарамастан салық салынатын объектілерді ұстауға байланысты кез келген өндірістік, қойма, сауда және басқа үй-жайларын тексеруге құқығы бар.

## 2. Салық комитеті органдарының:

1) белгіленген мерзімде төленбеген салықты, айыппұлды және өсімді, сондай-ақ әкімшілік жолымен салынған айыппұлды ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларымен азаматтардан бірінші кезекті тәртіппен өндіріп алуға, салық салу кезеңі аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде бұрын есептелген салық сомасын есептеуге немесе қайта қарауға;

2) салық, айыппұл және өсім белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес ұйымдар мен азаматтардың жылжымалы және жылжымайтын мүлкін ақшасын хаттауға құқығы бар;

3) Салық комитеті органдарының басшылары осы Жарлықтың ережелеріне сәйкес ұйымдар мен азаматтардың бюджетке салықтар мен басқа да төлемдер жасау мерзімін ұзартуға және оларды дүркін-дүркін бөліп төлеуге мүрсат береді.

## 3. Салық полициясы органдарының:

1) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес салық тексерістерін жүргізуге;

2) егер азаматтар мен лауазымды адамдар қылмыс жасады деп күдіктенетін жеткілікті негіздер болса немесе олар әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда салық полицияларының бөлімшелері арқылы олардың жеке басын анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етіп алуға және тексеруге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негізде және тәртіппен салық полицияларының бөлімшелерімен жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға;

4) салықтардың төленбеуіне, салық салудан жалтаруға немесе мемлекет алдындағы басқа қаржылық міндеттемелердің орындалмауына, байланысты қылмыстар туралы істер жөнінде, мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды салық полицияларының бөлімшелерімен анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыруға;

5) салық полициялары бөлімшелері қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негізде және тәртіппен қарауды, арнаулы құралдарды сақтауға, алып жүруге, оларды қолдануға және күш жұмсауға;

б) салық полициялары бөлімшелерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға, әкімшілік ұстауды жүзеге асыруға, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарда көзделген басқа да шараларды қолдануға құқығы бар.

## 172-бап. Салық қызметі органдарының жауапкершілігі

1. Салық қызметі органдары лауазымды тұлғасының қызмет бабындағы міндеттерін атқармауы немесе тиісінше атқармауы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіптік, материалдық немесе өзге жауапкершілікке әкеп соғады.

2. Салық қызметі қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеті салдарынан салық төлеушіге келтірілген зиян сот шешімі бойынша республикалық бюджеттен (бес жылдан аспайтын кезең үшін) төленеді.

## 173-бап. Салық қызметі органдарының басқа мемлекеттік органдармен және өзара қарым-қатынастары

1. Салық қызметі органдары орталық және жергілікті атқарушы өкімет органдарымен, құқық қорғау, қаржы және басқа да мемлекеттік бақылау органдарымен өзара іс-қимыл жасап отырады, бірлескен бақылау шараларын қолданады, осы Жарлықтың 174-бабының ережелерін ескере отырып, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік органдар салық қызметі органдарына Қазақстан Республикасының салық заңдары мен мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелер туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі міндеттерді атқаруына, салық құқық бұзушылықтары мен қылмыстарына қарсы күресте жәрдемдесіп отыруға міндетті.

3. Салықтың, бюджетке төленетін басқа да төлемдердің және мемлекет алдындағы өзге де қаржылық міндеттемелердің толық және уақытылы төленуіне мемлекеттік бақылау жасауды қамтамасыз етуге салық қызметінің органдары ғана уәкілетті.

4. Салық қызметі органдары өздеріне жүктелген міндеттерді өзара іс-қимыл жасай отырып атқарады.

5. Салық қызметінің бөлімшелері салық тәртіп бұзушылықтары мен қылмыстарына байланысты жедел деректерді сұрыптап талдау кезінде салық төлеушілерге бірлес тексеру жүргізу үшін, сондай-ақ салық тәртіп бұзушылық пен қылмыс фактілерін анықтау үшін өздерінің лауазымды тұлғаларын жіберіп отырады.

Бір салық қызметі бөлімшесі өзінің лауазымды тұлғаларын жіберу туралы шешімді салық қызметінің басқа бөлімшесінен тиісті сұрау түскеннен бастап бес күн ішінде қабылдайды.

6. Салық комитеті органдары заңдарда салық полициясы органдарының тергеуіне жатқызылатын қылмыстар жасалды деп жорамалдауға мүмкіндік беретін фактілерді ашу кезінде аталған фактілер ашылған күннен бастап үш күн ішінде олар жөнінде анықтау, алдын ала тексеру жүргізуді және заңдарға сәйкес шешім қабылдауды жүзеге асыру үшін тиісті салық полициясы органына материалдарды жолдауға міндетті.

7. Салық қызметі органдары өздерінің арасындағы келісім бойынша белгіленген тәртіппен салық жолсыздықтары мен қылмыстар туралы өздерінде бар материалдар мен олардың жолын кесу жөнінде қолданылған шаралар, өздері жүргізген бақылаушылық салық тексерулері туралы біріне-бірі хабарлап отырады, сондай-ақ өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындау мақсатында басқа да қажетті ақпарат алмасуды жүзеге асырады.";

176-бапта:

7-тармақта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Кіші, орта және аға басшы құрам арнаулы атақтары Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекітетін Салық полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережеге сәйкес беріледі.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Салық полициясы органы қызметкері лауазымына тұңғыш рет тағайындалып отырған адам мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ант қабылдайды.";

"Күшіне енгізу" атты жаңа XIII бөлім енгізіліп, оған 179-бап кіргізілсін.

2-бап. Осы Заң 1998 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті